

## **"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 44 Конституциялық заңы.

**1-бап.** "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 17-18, 114-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 192-құжат; 1998 ж., N 7-8, 71-құжат; N 22, 290-құжат; 1999 ж., N 10, 340-құжат; N 15, 593-құжат; 2004 ж., N 7, 45-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, соның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидат бола алмайды.";

2) 19-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мыналар:

сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам; (K970167 қараңыз)

сот іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адам сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сайлау комиссиясының төрағасы сотта және басқа да мемлекеттік органдарда комиссияның мүддесін білдіреді, сондай-ақ ол сайлау комиссиясының мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттікті тиісті сенімхат беру арқылы басқа адамдарға беруге құқылы.";

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі өзін ұсынған саяси партия қызметін тоқтатқан жағдайда өз міндеттерінен босатылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жоғары тұрған сайлау комиссиясы сайлау комиссиясын құратын орган осы Конституциялық заңның 10-бабында белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін шығып қалған комиссия мүшесінің орнына сайлау комиссиясының мүшесін тағайындайды.";

3) 20-бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасы "тиісті" деген сөзден кейін "жоғары тұрған" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сайлау комиссияларының мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдар мен ұйымдардың қызметкерлері болып табылатын мүшелерінің сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде негізгі жұмыс орны бойынша орташа айлық жалақысы сақталады.";

9-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аталған адамдар тиісті кандидат тіркелген күннен бастап сайлау комиссиясының мүшесі міндетінен босатылады.";

4) 23-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "шамамен үш мың" деген сөздер "үш мыңнан аспайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 24-бапта:

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уақытша болу орындарында (демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанынан, Қазақстан Республикасының

иелігіндегі және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде) құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері дауыс берілетін күннің алдындағы күндегі жағдай бойынша міндетті түрде нақтылануға тиіс.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Дауыстарды санау басталғаннан кейін сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдеріне өзгерістер енгізуге тыйым салынады.";

6) 25-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Шет мемлекетке жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Республика азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасы азаматы деген жарамды паспорты болса, сайлаушылар тізіміне енгізіледі.";

7) 27-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.";

2-тармақтың бірінші сөйлемінде "тіркелген күннен басталып" деген сөздер "тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 2) тармақшасында "осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды)," деген сөздер "заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 31-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік "өздерінің қалаулары бойынша" деген сөздерден кейін "тиісті сайлау округіндегі әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сенат депутаттығына кандидаттың әрбір ауданда, қалада, қаладағы ауданда бір-бірден сенім білдірілген адамдары болуына құқығы бар.";

9) 33-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын қоспағанда, Президенттің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы республикалық бюджет қаражатынан жергілікті атқарушы органдардың осы мақсаттарға арнап ашылған шоттары арқылы қаржыландырылады. Бұл шоттарға республикалық бюджеттен түсетін бюджет қаражатына иелік етуді аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленеді.";

4-тармақ алып тасталсын;

10) 34-бапта:

4-тармақтың бірінші абзацының екінші сөйлемінде "жалпы сомасы" деген сөздерден кейін "және оның көздері" деген сөздермен толықтырылсын; "сайлау өткізілгеннен кейін" деген сөздер "сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Арнаулы уақытша шоттар бойынша барлық қаржылық операциялар, оның ішінде жеке және заңды тұлғалармен есеп айырысулар, міндетті аударымдар, салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер сайлаудың алдындағы күні сағат 18-де тоқтатылады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қайта дауыс беру өткізілген жағдайда кандидаттың сайлау қорына түсіруге рұқсат берілген ақшаның шекті сомасы бір жарым есе ұлғайтылады.";

11) 41-бапта:

6-тармақтың бірінші бөлігі "күтім жасау себебіне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жалпы жұрттың танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде сайлаушы өзінің болу орнын ауыстырған кезде учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының өтініші бойынша және ол жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде сайлаушыға дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін табыс етеді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін күні сайлаушыны оның келген орны бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді.";

12) 43-баптың 9-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сайлау комиссиясы шешімінің негізінде жүзеге асырылатын дауыстарды қайта санау сайлау қорытындылары ресми жарияланғанға дейін жүргізілуге тиіс.";

13) 44-бапта:

4-тармақтың 1) тармақшасы "Парламент Сенатының" деген сөздерден кейін ", партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар мен олардың сайлау блоктарының" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Сайлау алдындағы үгіт жүргізу мерзімі аяқталған кезден бастап сайлау қорытындылары ресми жарияланғанға дейін сайлаушыларға немесе сайлау комиссиялары мүшелеріне әсер етуге ықпал тигізетін қоғамдық, топтық немесе жеке мүдделерді білдірудің және қарсылықтың кез келген нысанына жол берілмейді.";

14) 49-бап мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін , егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды.

Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) жасалған шағымды, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе , жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайды. ( V990836 қараңыз) ";

15) 50-1-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі "дауыс беруге" деген сөздерден кейін "кемінде" деген сөзбен толықтырылсын;

16) 53-баптың тақырыбындағы "хабарлау" деген сөз "жариялау" деген сөзбен ауыстырылып, 1-тармағындағы "тамыздың бірінші жексенбісінен кешіктірмей тағайындайды" деген сөздер "қыркүйектің екінші жексенбісінен кешіктірмей жариялайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 55-баптың 2-тармағындағы "сайлауға дейін үш ай бұрын басталып," деген сөздер "сайлау жарияланған күннен кейінгі күні басталып, сайлауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 59-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші - төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда табысы және мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын салық қызметі органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте салық қызметі органдарынан кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы мәліметтер беру жөнінде талап алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде беруге міндетті.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы;"

6-тармақ мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы;"

7-тармақтың 3-1) тармақшасы "(зайыбының)" деген сөзден кейін "декларацияны тапсыру кезіне" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 60-баптың 1-тармағында "тіркеуге дейін және тіркеуден кейін" деген сөздер "тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын, "білдіру арқылы" деген сөздер "бере отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 73-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші - төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне мемлекет алдындағы салық міндеттемелердің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда табысы және мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын салық қызметі органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте салық қызметі органдарынан кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы мәліметтер беру жөнінде талап алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде беруге міндетті.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы;"

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы;"

6-тармақтың 3-1) тармақшасы "(зайыбының)" деген сөзден кейін "декларацияны тапсыру кезіне" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 74-баптың 1-тармағында "тіркелгенге дейін және тіркелгеннен кейінгі" деген сөздер "тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын, "жазбаша өтініш беру арқылы" деген сөздер "бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып," деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 87-баптың 2-2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші - он екінші бөліктермен толықтырылсын:

"Саяси партиялардың жоғары органдары сайлау блогын құру немесе оған кіру туралы шешім қабылдағаннан кейін осы саяси партиялардың уәкілетті өкілдері сайлау блогын құру туралы бірлескен шешімге (келісімге) қол қояды.

Сайлау блогын басқару үшін үйлестіру кеңесі құрылады, оның құрамына сайлау блогына кіретін саяси партиялардың уәкілетті өкілдері кіреді.

Сайлау блогын тіркеу үшін оның уәкілетті өкілі Орталық сайлау комиссиясына мынадай құжаттарды:

1) саяси партиялардың жоғары органдарының сайлау блогына кіру туралы хаттамаларынан үзіндіні;

2) саяси партиялардың уәкілетті өкілдері қол қойған және осы саяси партиялардың мөрлерімен куәландырылған сайлау блогын құру туралы бірлескен шешімді ұсынады.

Сайлау блогының атауында ұлттық, этникалық, діни, өңірлік, қауымдық және гендерлік белгілерді көрсетуге, жеке адамдардың есімдері мен тектерін пайдалануға жол берілмейді.

Саяси партияның жоғары органы сайлау блогына кіру туралы шешім қабылдай отырып, сайлау блогынан жалпы партиялық тізімге кіретін адамдарды және (немесе) аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттар болып қаралатын адамдарды ұсынуға құқылы.

Сайлау блогының үйлестіру кеңесі саяси партиялардың жоғары органдары ұсынған адамдардан жалпы партиялық тізімді қалыптастырады және оған кіретін адамдардың кезектілігін айқындайды.

Сайлау блогының үйлестіру кеңесі саяси партияның жоғары органы ұсынған кандидаттардан аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылатын бірыңғай кандидаттарды айқындауға құқылы.

Сайлау блогынан аумақтық сайлау округы бойынша бірыңғай кандидаттың сайлау қорына сайлау блогына кіретін саяси партиялардан қаражат түсуі мүмкін, бірақ ол осы Конституциялық заңда кандидаттардың сайлау қорлары үшін белгіленген шектерден аспауға тиіс.

Сайлау блогы сайлау қорытындылары шығарылғаннан және депутаттық мандаттар бөлінгеннен кейін өз қызметін тоқтатады.";

23) 89-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда табысы және мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын салық қызметі органдары кандидат және партиялық тізімдер тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте салық қызметі органдарының кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы мәліметтер беру жөнінде талап алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде беруге міндетті.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы;"

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы;"

6-тармақтың 3-1) тармақшасы "(зайыбының)" деген сөзден кейін "декларацияны тапсыру кезіне" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) партиялық тізімге енгізілген адамның және оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы.";

24) 90-баптың 1-тармағында "тіркеуге дейінгі және одан кейінгі уақытта бұл туралы" деген сөздер "тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кезеңде" деген сөздермен ауыстырылсын, "комиссиясына" деген сөзден кейін "бұл туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 104-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне мемлекет алдындағы салық міндеттемелердің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда табысы және мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын салық қызметі органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте салық қызметі органдарынан кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы мәліметтер беру жөнінде талап алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде беруге міндетті.";

2-тармақ 3) тармақшадағы "деректер болған жағдайда жүргізіледі;" деген сөздер "деректер;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы болған жағдайда жүргізіледі.";

3-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы болған ретте жүзеге асырылады.";

6-тармақтың 3-1) тармақшасы "(зайыбының)" деген сөзден кейін "декларацияны тапсыру кезіне" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 105-баптың 1-тармағында "тіркеуге дейінгі және одан кейінгі уақытта бұл туралы" деген сөздер "тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кезеңде" деген сөздермен ауыстырылсын, "комиссиясына" деген сөзден кейін "бұл туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 118-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну



мерзімі басталатын айдың бірінші күніне мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда табысы және мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын салық қызметі органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте салық қызметі органдарынан кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы мәліметтер беру жөнінде талап алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде беруге міндетті.";

2-тармақ 3) тармақшадағы "деректер болған жағдайда жүргізіледі." деген сөздер "деректер;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы болған жағдайда жүргізіледі.";

3-тармақ 2) тармақшадағы "деректер болған жағдайда жүзеге асырылады." деген сөздер "деректер;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы болған жағдайда жүзеге асырылады.";

6-тармақтың 3-1) тармақшасы "(зайыбының)" деген сөзден кейін "декларацияны тапсыру кезіне" деген сөздермен толықтырылсын;

28) 119-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшелігіне кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кезеңде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын алып тастай алады.".

**2-бап.** Осы Конституциялық заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті